

14. Tadzhibova, A.N. Mir metaforı v massmedijnom diskurse / A.N. Tadzhibova // Litera. – 2016. – № 2. – S. 35-44.

15. Nikolaeva N. T., Tureckova I. V. Specifika leksikograficheskoy obrabotki nemeckoj negativno-ocenочноj leksiki // Germanskie jazyki. – 2022. – T. 15, № 2. – S. 500-504. – DOI: <https://doi.org/10.30853/phil20220073>.

Received: 09.05.2025

MFTAP 16.21.27

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss2pp307-317](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp307-317)

Р.А. Төреханова¹, У.Г. Анесова¹, Ә.Ж. Байелі¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, 050040, Қазақстан

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ» АНДРОЦЕНТРИЗМ

Абай Құнанбайұлы ұлы ақын, философ. Оның «Қара сөздері» даналық кітап, ол сол кезеңде өмір сүрген қазақтар үшін арнап жазылған және бүгінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Алайда бұл еңбектің барлық адамдарға арналып емес, қазақ ерлеріне арналып жазылған деген тұжырымға келдік. Осы тұжырымның дұрыс не бұрыс екендігін анықтау мақсатында зерттеу жұмысы жасалды. Мақаланың негізгі мақсаты Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінде» андроцентризм белгілерін зерттеу болып табылады.

Бұл зерттеуді жүргізу мақсатында «Қара сөздердің» барлығына жеке-жеке сапалық талдау әдісі жүргізілді. Нәтижесінде қырық бес қара сөздің жиырма бірінде ерлерді сынау, ерлерге қатысты ақпарат, ерлерге қатысты ұғымдар, атаулар мен концептілер көрсетілгендігі анықталды. Еңбектің басқа бөлімдерінде де тура болмаса да, жанана түрде ерлерге қатысты ақпараттың бар екендігі дәлделденді

Нәтижесінде XX ғасырдың басында жарық көрген Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінде» андроцентризмнің белгілері бар екендігін анықталды. Зерттеу жұмысы алдағы уақытта гендерлік лингвистика саласын зерттеушілер үшін өзекті және маңызға ие.

Кілт сөздер: андроцентризм, гендерлік лингвистика, қара сөздер, гендер, сапалық зерттеу.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Абай Құнанбаевтың қазақтың ұлы ақыны, философ, оны білмейтін қазақ кем де кем. Оның шығармалары әлемнің барлық тілдеріне аударылып, еңбектері көптеген қазақ ғалымдарының зерттеу нысаны болып табылады. Оның философиялық концепцияларында әр түрлі әлеуметтік мәселелер қозғалады. Абай шығармашылығын зерттеу ғылымның барлық салаларында кездеседі. Ол филология, философия, әлеуметтану, саясаттану және тағы да басқа ғылым салалары.

Абай ілімі көптеген кандидаттық және магистрілік диссертациялардың, ғылыми мақалалардың негізгі зерттеу материалы болған. Абай Құнанбаевтың тілін зерттегендер деп қазақ зерттеушілерінің ішінде Р. Сыздық, Қ.Жұмалиев, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, М.Балақаев атап өтуге болады. Профессор Қ.Жұмалиев «Абай поэзиясының тілі» атты монографиясында Абай шығармаларының тілін зерттеген.

Абай Құнанбаевтың философиялық ойларын, шығармаларын толық тану мақсатында қазіргі таңда мектептер мен ЖОО-да «Абайтану» дәрістері жүргізіліп жатыр. Мысалы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне қарасты Абай ғылыми-зерттеу институтының бастамасымен университеттің барлық 1 курс студенттері «Абай ілімі» пәнін оқып жатыр.

Бұл Абайды тануға деген қызығушылық, оның өнері мен мен шығармашылығына деген құштарлық өспесе кем түспек емес. Әсіресе Абайдың Қара сөздері философиялық ойларға толы асыл қазына, жастарға жол көрсетер шамшырақ іспетті. Оның еңбектері көпшілікке танымал болып келеді. Сондықтан да біз Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерін» гендерлік аспект тұрғысынан зерттеуге шешім қабылдадық. Зерттеу барысында Абай шығармашылығында андроцентризм белгілері бар ма, бар болса ол тілде қалай көрініс табатындығын анықтайтын боламыз.

КІРІСПЕ

Тіл адам баласынан жануарлардан айыратын негізгі құрал болып табылады. Тіл арқылы адамдар өзінің барлық қажеттіліктерін өтейді. Ал сол тілде жыныстық айырымдар бар ма? Бар болса, оны қалай айыруға болады? Осы мәселені зерттеу гендерлік лингвистика ғылымының пайда болуына әкелді. Гендерлік лингвистика еркектер мен әйелдердің арасындағы тілдік ерекшеліктерді көрсету мақсатында құрылған ғылым саласы болып табылады.

Гендерлік зерттеулердің дамуы XX ғасырдың ортасынан қарқынды дами бастады. Осы кезеңде шетелдік ғалымдар Робин Лакофф, Джоан Коатс, Джанет Холмс, Дэйл Спендер еркек пен әйелдің сөйлеу тіліне қатысты еңбектер шығара бастады. Ал орыс ғалымдарының ішінде А.В.Кириллина, В.Н.Телия, И.И.Халеева, М.Д.Городникова сынды ғалымдарды атап өтуге болады. Қазақ ғалымдарының ішінде гендерлік лингвистика ғылымы саласында көлемді еңбек жазған ғалымдар ретінде Г.Шоқым, З.К.Сабитова, Мамаева Г.Б. және басқа да ғалымдарды атап өтуге болады.

Гендер зерттеушілері әйелдер мен еркектердің тілдік, әлеуметтік, мәдени, экономикалық тұрғыдан әртүрлі екендігін және жалпы қоғамда маскулиндіктің көп екендігін алға тартады. Ол дегеніміз қоғамның еркек моделі мен принциптерімен дамитындығын алға тартады. Бұл тұжырымды американдық ғалым Джоан Коатс білдірген болатын. Ол өзінің «Women, Men and language» атты кітабында «Андроцентрлік ереже» терминін қолданады. Бұл ережеге сәйкес: «Лингвистикалық тұрғыдан еркектердің сөйлеу әрекеті дұрыс әрі таңданарлық және жазушының пікіріне сәйкес болып келеді; ал әйелдердің сөйлеу әрекеті кез келген тілдік жағдаятта жазушы тарапынан қате немесе шектен тыс болып сыналады» [1]. Сонда андроцентризм дегеніміз не?

Андроцентризм деп әлемде болып жатқан барлық іс-әрекеттерге, өмірлік ұстанымдарға еркектік көзқараспен қарау және еркекті әлемнің бастамашысы ретінде бағалау деген мағынаны білдіреді. Бұл бір жағынан әлемге еркектік көзқараспен қарау дегенді ғана емес, еркектік моделмен өмір сүру дегенді білдіреді.

Ғалым, лингвист Люс Иригарей андроцентризм терминіне мынадай сипаттама береді. «Ер кісінің сөйленісі дискурстың ең бастапқы субъектісі ретінде қарастырылған және оның тілі о бастан-ақ әлемдік болып қарастырылған» [2]. Философ Симона де Бовуар андроцентризм феноменін сипаттағанда бұл ерлерге адам ретінде ал әйелдерге басқа нәрсе ретінде қарауды білдіреді деген тұжырымды айтады [3, 2].

Тілдерді қарастырғанда олардың ішінде гендерді және гендерсіз тілдер деп қарастырамыз. Олардың ішінде гендерлі тілдер әсіресе ерлердің тілдегі доминаттылығын айқын көрсетеді. Мәселен ағылшын тіліндегі «mankind» яғни адамзат деген терминнің өзі басымдылықтың ерлерге қатысты қойылғанын көрсетеді. Бұл терминді көргенде ерлер мен әйелдер көбіне «mankind» (адамзат) сөзін ерлер деп қарастырады [4, 14].

Қазақ лингвистикасында андроцентризм ұғымына лингвист Г.Шоқым сипаттаған. Ол өзінің «Гендерлік лингвистика негіздері» атты оқулығында андроцентризм терминін андроэектілік деп алып оны «тілдің қоғамдағы әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерді сипаттауда ер адамдық белгілерді негіз етіп алуымен байланысты, соның ішінде тілде еркектің басым бейнеленуі мен әйелдің қатысын жеке әрекетімен шектеп көрсетілуі» - деген анықтама берген [5, 79].

Расымен де әйелдер мен еркек тілінің ерекшеліктері бар және олар сөйлеу мінез - құлқында және сөйленісте көрініс табады. Көркем шығармалардың өзінде әйел жазушылар мен ер жазушылардың жазу мәнерінде, қозғайтын тақырыптарында ерекшеліктер бар және олар мәтінде көрініс табады. Осы тұжырымды анықтау мақсатында ақын, философ Абай Құнанбайұлының еңбегіне талдау жасадық.

МАТЕРИАЛ ЖӘНЕ ӘДІСТЕР

Зерттеу жұмысының тілдік материалын Абай Құнанбайұлының «Қара сөздері» құрайды. Абай Құнанбайұлының бұл еңбегі сол заманда өмір сүрген халықтың тұрмыс - тіршілігін, іс-әрекеттері мен принциптерін сипаттайды және сынайды. Ол сол заманда өмір сүрген адамдардың арасында қазақтың жалқаулық, өсек, өтірік, мақтаншақтық секілді қасиеттерді көбейіп кеткендігін, болыстар мен билердің ашкөздігін, бала тәрбиесі секілді өзекті тақырыптарды қозғайды. Алайда бұл еңбекті зерттей келе, Абайдың «Қара сөздерінде» андроцентризм көріністері бар екендігін анықтадық. Абайдың бұл еңбегі ерлерге арналып жасалған нұсқаулық деген тұжырым жасадық. Себебі шығармада ерлерге арналған үндеулер мен сыни пікірлер көптеп кездеседі. Осы тұжырымды толықтай анықтау мақсатында зерттеуде сапалық зерттеу әдісін пайдаланылады. Сапалық зерттеу әдісі арқылы «Қара сөздердің» әрқайсысы жеке-жеке қаралып ондағы маскулинді белгілер ізделінді.

Еркек тілі мен әйел тіліндегі айырымдар мәселесіне қатысты ғалымдар көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізген. Мәселен, шетелдік ғалымдардың ішінде әйелдер мен еркектердің сөйлеудегі ерекшеліктеріне қатысты Р. Лакофф әйелдердің күнделікті өмірде және тұрмыстағы шаруалары жөнінде өте сыпайы пікір білдіретіндігін және сөздік қорында күшейткіш сөздерді, филлерлерді көп қолданатындығын және сөйлеу барысында сенімділіктің жоқтығын алға тартады [6]. Ал орыс ғалымдарының ішінде әйел және еркек тіліндегі ерекшеліктерге қатысты зерттеу жұмысын жүргізген ғалымдардың бірі А.В. Кирилина болып табылады. Ол өзінің «Лингвистикалық гендерлік зерттеулері» атты мақаласында жазба тіліндегі ер және әйелдердердің ерекшеліктерін көрсетеді. Ерлердің жазба тілі деп ол:

- 1) армия мен түрме жаргонын қолдану;
- 2) кірме сөздерді жиі қолдану;
- 3) абстрактілі зат есімдердің көп мөлшерін қолдану;
- 4) эмоционалды жағдайды сипаттаған кезде немесе бір затты сипаттағанда эмоционалды лексиканы азырақ қолдану;
- 5) туыстары мен жақындарымен араласқанда ресми және эмоционалды таңбаланған лексиканы қолдану;
- 6) газет-публицистикалық клишелерді пайдалану;
- 7) балағат сөздерді қыстырма ретінде қолдану және қолданылатын балағат сөздердің бірегейлігі, сондай-ақ әрекеттер мен процестерді білдіретін балағат сөздер мен конструкциялардың басым болуы;
- 8) тыныс белгілерінің сөйлеудің эмоционалды қарқындылығына сәйкес келмеуі - деген категорияларды ұсынады.

Ал әйелдердің жазба тілі:

- 1) көптеген қыстырма сөздердің, анықтауыш, пысықтауыш және толықтауыш пен есімдіктерді қолдану, сенімсіздіктің, болжамдылықтың, белгісіздіктің әртүрлі дәрежесін білдіретін модальды конструкциялардың қолдану (мүмкін, менің ойымша);
- 2) беделді, стилистикалық жоғары формаларды, клишелерді, кітап лексикасын қолдануға бейімділік;
- 3) коннотативті бейтарап сөздер мен сөз тіркестерін, эвфемизмдерді қолдану (балағаттады емес, дөрекі сөйледі);

- 4) бағалауыштық сөздерді қолдану (сөздер мен сөз тіркестері);
- 5) адамның атын атаудың орнына дейктикалық лексеманы қолдану (оңбағандар, азғындар);
- 6) сезімдерді сипаттау кезінде сөйлеудің үлкен бейнесі, күшейткіш мәні бар үстеулер мен сын есімдерді қолдану секілді белгілерді қолдану жатады деп тұжырымдады [7, 112].

А.В. Кириллина көрсеткен ерекшеліктерге қарап расымен де әйел мен еркек жыныстық айырымдары тілде көрініс табатындығын айта аламыз. Тіпті әйел жазушылар мен еркек жазушылардың жазу стилінде, қозғайтын тақырыптарында ерекшеліктер бар.

Әйелдердің сөйлеу мәнерінде сыпайлық, қамқорлық сезіледі. Бұл жөнінде жүздеген жылдар бұрын лингвист Отто Есперсен: «Әйелдер еркектерге қарағанда сөйлеу барысында сөйлемдерін толық аяқтамайды, олар айтатын сөздерін білмей жатып әңгімелерін бастап кетеді» деген пікірді айтқан [8]. Бұл пікірді әлі де көптеген ер кісілерден естіп жатамыз. Бұл көзқарас XX ғасырдың ортасына дейін айтылып келді тек феминистік қозғалыстардың басталуымен бұл жағдаят өзгере бастады. Феминист ғалымдардың пайда болуы әйелдердің осы айтылған ерекшеліктерден бөлек сипаттамаларға ие екендігін көрсетеді. Ал гендер саласында зерттеулер жүргізген ғалым Дж.Коатс әйелдер бұл ерекшеліктерді стратегия құру мақсатында, өз әңгімелесушілерін өздерін маңызды және ұнамды етіп көрсету үшін пайдаланады деп тұжырымдайды [1].

НӘТИЖЕЛЕР

Абайдың Қара сөздері философиялық тұрғыдан күрделі шығарма болып табылады. Оның тілі барлық адамға бірдей түсінікті емес алайда біз бұл шығармада андроцентризмнің белгілері бар екендігін көрсеткіміз келеді.

Ең алдымен, XIX ғасырда жазушылар болмаса да қазақтың ақындарының көбі ер кісілер болған және басынан-ақ бұл шығарманың ер кісімен жазылғанын айта кеткен жөн. Осы тұрғыдан алғанда, шығарманың ер кісімен жазылуының өзі онда андроцентризм белгілерінің бар екендігін айғақтайды. Сонымен қатар ол кезде өмір сүрген әйелдердің көбісі сауат ашпаған және үй шаруасында болғанын атап өткен жөн.

Шығарманың жазылу уақыты XIX ғасырдың аяғы болса керек, себебі Абай бірінші Қара сөзінде барлығын жасап болдым, енді қартайған шағымда ел үшін болмаса, өзім үшін өнермен яғни жазумен айналысамын деген пікірді айтады. Осы тұрғыдан қарағанда шығарманың тарихи уақытына да мән берген жөн.

Абайдың жазба тілінде саяси және экономикалық мәселелердің көптеп қозғалғандығын айта кеткен жөн. Осы орайда ол уақытта барлық әлеуметтік, қоғамдық, экономикалық мәселелер ерлерге арналған және оларды шешуде ерлер жауапты болғанын ескерсек, еңбекте болыс, би, басшы сынды кәсіп атаулары көптеп кездеседі.

Жалпы Абайдың Қара сөздерін қарастыра отырып, біз ондағы үндеуді барлық адамға айтылғанымен Абайдың мұнда ер кісілерді көбірек сынағандығын және ер кісілерге қатысты айтылғандығын анықтадық.

Зерттеу нәтижелерін көрсету үшін біз кестеге оның андроцентризм белгілері бар Қара сөздерді жинақтадық.

Кесте 1 «Қара сөздер талдауы»

№	Қара сөздер	Андроцентризм белгілері
1.	<i>1 Қара сөзі</i> Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың? [10].	Ел бағу да, мал бағу да ерлердің ісі болған ал ғылым бағумен ол заманда ер кісілер айналысқан. Қазақ әйелдері оқу жазуды кейін үйрене бастаған.
2.	<i>2 Қара сөзі</i>	А.В. Кириллина көрсеткендей

	«ененді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» [9].	ерлердің жазба тіліне тән балағаттық сөздерді пайдаланып тұр.
3.	<i>3 Қара сөзі</i> Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек [10].	Сот және билікті сынау арқылы андроцентризм белгілерін көруге болады. Себебі сот ісі де билік те еркектердің қолына шоғырланған. Сонымен қатар ерлердің жазба тіліне тән саясатқа қатысты сөздерді ерлер көптеп пайдаланады.
4.	<i>5 Қара сөзі</i> Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзінде жоқ болса, әкең де жат», «Мал - адамның бауыр еті», «Малдың беті - жарық, малсыздың беті - шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзар», «Алаған қолым - береген», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ» [10].	Мал табу ерлердің ісі болғандықтан ол ерлерге көбірек еңбек етуге, мал табуға талпынуға үндеу тастайды. Ер сөзі бұл Қара сөзде екі рет қолданылады.
5.	<i>7 Қара сөзі</i> Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен [10].	Жас бала анадан екі түрлі мінезбен туады, осы орайда жас бала деген ер балаға айтылған сөз себебі мәтінде “ержетіңкірегенде” деген сөз қолданылып тұр. Ер жету сөзі ерлерге қатысты айтылса, бой жету қыздарға айтылады.
6.	<i>7 Қара сөзі</i> Біреу - болыс, біреу - би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтарлықпыз деп сайланды. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзерлігі-ақ қалған [10].	Ерлердің кәсіптері сипатталып тұр. Болыс, би дегенді естігенде біз көз алдымызға ерлерді елестетеміз себебі бұл позицияларға тек ерлерді тағайындаған.
7.	<i>10 Қара сөзі</i> Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма? Балам орнымды бассын демек не сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе? Қалған дүниенің қамын сен жемек пе едің? Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтқаның ба? Өзгеге қимайтұғын сенің не қылған артықша орның бар еді? [10].	Мәтінде бала деп тұрғаны ер бала, себебі, орын басу, құран оқу және ата-ананы асырау ердің міндеті.
8.	<i>11 Қара сөзі</i> Екінші - бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең кеп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім азса, мен соған керек боламын деп, к...н қыздырып алып, өзін бір ғана азық қылайын деп жүр [10].	Абай бұл Қара сөзінде к...н деп балағат сөзді пайдаланып тұр. Бұл жөнінде А.В. Кирилина ерлердің жазба тіліне тән балағат сөздерді пайдалану үрдісі көрсетілген. Ерлер үшін әлеуметтік статус, дәреже маңызды екендігін айтады.
9.	<i>11 Қара сөзі</i> Екіншісі - кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік боларға керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айналып, көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл	Иман және ислам дінін таратумен әдетте еркектер айналысқан. Молдалар да ер кісілер болғандықтан, бұл мәтін де ерлерге арналып жазылған. Ерлердің иманына берік болу

	иманды иман таклиди дейміз [10].	шартын айтады.
10.	<i>12 Қара сөзі</i> Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі - пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі «айда, батырлап!» қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері. Әйтпесе құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі? [10].	Мәтін ерлерге арналып жазылған, мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт тіркестерін пайдаланып тұр. Жігіт сөзі 4 рет айтылған. Осы ұғымдарға сыни пікір білдіру арқылы тағы да жігітке қоғамда қойылатын талабын айтады.
11.	<i>20 Қара сөзі</i> Ақылы түгел, ойлы адамның баласы байқаса, осы адам баласының жалықпайтұғын нәрсесі бар ма екен? Тамақтан да, ойыннан да, күлкіден де, мақтаннан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, қатыннан да көңіл, аз ба, көп пе, жалығады. Оның үшін бәрінің ғайыбын көреді, баянсызын біледі, көңілі бұрынғыдан да суый бастайды. Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпты тұрмайды. Әрбір мақлұққа құдай тағала бірқалыпты тұрмақты берген жоқ. Енді көңіл қайдан бірқалыпты тұра алады? [10].	Адам баласының жалықпайтыны бар ма, дегенде адам деп тұрғаны әйел мен еркек емес, тек біреуі ғана яғни еркекке қатысты айтылған. Ол адамның тамақтан да, ойыннан да, күлкіден де, мақтаннан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, жалығады деп келіп одан соң қатыннан деген тіркесті қолданған. Автордың адам деп тұрғанын осы орайда еркек деп тұжырымдай аламыз.
12.	<i>22 Қара сөзі</i> Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін деп ойладым. Байды қадірлейін десем, бай жоқ. Бай болса, өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па еді? Мырзаларды қадірлейін десем, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Болыс пен биді құрметтейін десем, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ [10].	Қара сөзінде Абай бай, мырза, болыс пен биді сипаттайды. Ер ретінде осы адамдардан кеңес сұрау қажет пе жоқ па деген сұрақты қозғайды. Мұнда да біз сол кезеңде халықтың арасында шешуші рөлді атқарған ерлер екендігін түсінеміз және Абай бай, мырза, болыс пен би деп ерлерге қатысты айтып тұр.
13.	<i>22 Қара сөзі</i> Әкесі ел ақшасымен оқығанға әрең оқытады, өз малын не қылып шығарсын? Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол - мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десем - оқыт, мал аяма! [10].	Балаңа қатын әперме, енші берме деп тұрғаны бұл да Абайдың ер балаларға қатысты айтып тұрғанын көреміз. Енші беру, әйел әперу де ер балаға қатысты. Балаңа орыстың ғылымын үйрет деген сөйлемде де бала дегені ұл бала, Себебі оқытуда, біздіңше, сол кезде тек ерлердің қолында болған мүмкіндік.
14.	<i>26 Қара сөзі</i> Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма екен? Әй, жоқ та шығар! [10].	Абай қоғамды сынағанда ерлерді сынап тұр, себебі бәйгеге ат қосатын да ер, аңшылықпен айналысатын ерлер. Сонымен қатар еркек үшін қоғамда өзін-өзі көрсету және жетістікке жету маңызды болып саналады.
15.	<i>30 Қара сөзі</i> Жаңа мырзалық қылатұғын, ердің жадағайда-ақ сертке тұрғыштығы, малға мырзалығы, дүниені бір тиын есеп	Ерлердің қасиеттерін сипаттайды, мырзалық ету, сертке берік болу, жомарттық

	көрмейтұғын жомарттығы - әртүрлі белгісі бойынша тұрмас па еді? [10].	ерге тән қасиеттер тобы болып табылады.
16.	35 Қара сөзі Махшарға барғанда құдай тағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейіт - соларды қатар қойып, сұрар дейді. Дүниеде ғиззат үшін, сый-құрмет алмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, шейіт болғандарды бір бөлек қояр дейді [10].	Қажы, молда, сопы болу ерлерге тән кәсіп түрлері. Әйелдер бұл кәсіп түрлерімен айналыса алмайды.
17.	35 Қара сөзі Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі - ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен [10].	Бұл қара сөзінде Абай ата бабамыздан қалған мінездерді сипаттайды. Оны бірі елді біріктіретін ел басы, топ басының шешімдерін қабылдау болса екіншісі намысқорлық. Осы орайда елдің басы мен топтың басы да ер кісі болғанын айта кеткен жөн. Сонымен қатар бас деген сөздің өзінде андроцентризмнің белгілерін көруге болады. Тіпті малдың басы оны да біз ерлерге ұсынамыз.
18.	40 Қара сөзі Қай қазақты көрсем де, баласы жасырақ болса, оның басынан пәрмене болып жүріп, ержеткен соң суық тартатұғыны қалай? Біреудің ағайыны торқалы той, топырақты өлімде, адалдық берекеде алысуға табылмай, барымта алалық, ұрлалық десе, табыла қоятыны қалай? [10].	Қазақтың кейбір қылықтарын сынай келеді де бұл қара сөзінде балаға қатысты айтылған сөзінде андроцентризм белгілерін көруге болады. Ержеткен соң дегені ер балаларға қатысты айтылған.
19.	41 Қара сөзі Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, медреселерге беріп, бірін ол жол, бірін бұл жолға салу керек, дүниеде көп есепсіз ғылымның жолдары бар, әрбір жолда үйретушілерге беріп сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хәтта қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберсе, жақсы дін танырлық қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді [10].	Ол заманда медреседе тек ер балалар хат таныған. Бай мен болыстар ер балаларын молдаларға оқытуға жіберген. Автор сонымен қатар қыздарға да діни білім беру керектігін алға тартады.
20.	42 Қара сөзі Малдылар малын өңкей малшыларға, бала-шағаға тапсырып, қолдағы құдай берген азды-көпті дәулеті қызықсыз көрініп, оның ұры-бөріге жем болып, қарға-жарға ұшырауына шыдайды. Пыш-пыш кеңестен қалып, бір ауылға барып, қулық, сұмдық жасап жүріп, тегін тамақ жеп, ыржыңдасуды қысыратуға шыдамайды. Не үшін десең, халыққа әдет жол болған соң, шаруаға пысық, мал бағуға, мал табуға пысық ол өнерлі кісіге қосылмайды, я өзі пәле шығаруға пысық, я сондайлардың сөзін «естігенім», «білгенім» деп елге жайып жүріп, ырбаңдауға пысық өнерлілерге қосылғандай көрінеді [10].	Абай малы көп байларды сынайды. Олардың ауылдарды аралап, әр жерде қулық мен сұмдықты жасайтындығына ренжейді. Бұл қара сөзінде де Абай ерлердің жағымсыз қылықтарын сынайды. Малдылар деп тұрғаны бай мен болыстар олар да ерлер, мал бағатын малшылар да ерлер.
21.	44 Қара сөзі Талаптың ішінде адам баласы көбінесе басына қадір іздеп, сол талапта болады. Біреу мал қуып жатыр. Сараңдықпен, арамдықпен, әйтеуір мал тапсам, «Мал тапқан ердің жазығы жоқ» дейтұғын, «Малдының беті жарық» дейтұғын мақалға сеніп, халықтың түріне қарай, ит те болса, малдыны сөге алмайды деп, бұл мал хәм	Абай талапты болудың маңыздылығы жөнінде сөз қозғайды және қазақтың жақсы болсын жаман болсын, кез келген жолмен мал табуға ынтазар екендігін алға тартады. Әдетте мал жинаумнен ерлер

	пайда, һәм қасиет болады бойыма дейді. Мұнысы рас, қазақтың өз құлқына қарағанда. Бірақ адамдыққа, ақылға қарағанда, қазақ түгіл, көңіл жиіркенетұғын іс. Осыған орай біреу ер атанамын, біреу қажеке атанамын, біреу молдеке атанамын, біреулер білгіш, қу, сұм атанамын деп, сол харекетте жүр [10].	айналысады, және осы Қара сөздің ішінде кездескен мақал соның дәлелі, «Мал тапқан ердің жазығы жоқ». Ер атану, қажеке және молдеке атану мұның бәрі ерлердің кәсібі болғандықтан біз қара сөздің де көбіне ерлерге қатысты айтылғанын байқаймыз.
--	--	--

Мәтіндегі андроцентризмді анықтау үшін ерлердің басымдылығы білдіретін сөздерді, жағдаятты көрсетуде мәтіннің рөлі жоғары екенін айта кеткіміз келеді. Кейбір мысалдарда андроцентризмге қатысты сөздерді тура мағынасында көрмегенімен оларды ауыспалы мағынада мәтін аясында көре аламыз. Абайдың Қара сөздеріне талдау жасай келе біз қырық бес қара сөздің жиырма бірінде ерлерді сынау, ерлерге қатысы ақпарат, ерге қатысты ұғымдар, атаулар мен концептілер көрсетілгендігін анықтадық. Еңбектің басқа бөлімдерінде де тура болмаса да, жанама түрде бұл «Қара сөздің» ерлерге қатысты айтылғанын анықтадық.

ТАЛҚЫЛАУ

Жалпы айтқанда Абайдың Қара сөздерінде еркек, ер кісіге арналып көптеген мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестер қолданылған. Бұл өз кезегінде ерлердің ол кезеңде қоғамды жетекші орын алғандықтарын көрсетеді. Сол кезеңде өмір сүрген мамандықтардың да көбі ерлерге қатысты болғандықтан, тілде көрініс тапқан. Мысалы, бесінші қара сөзінде Абай:

«Ер азығы мен бәрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда»[10]. Ердің жұмыс мал табу болғандықтан да ақыл-насихатты көбі де отбасының асыраушысына қатысты айтылып тұр. Абай атамыз өмір сүрген кезеңде ерлер шешуші рөлдер атқарғандығын, билік пен күштің ерлердің қолдарына шоғырланғандығын көре аламыз. Сол кезде өмір сүрген қоғамда әлемнің бейнесінде ерлер негізгі болған.

Сегізінші қара сөзінде Абай Құнанбайұлы

“Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды? Біреу - болыс, біреу - би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтарлықпыз деп сайланды”[10].

Мұнда да ерлерге арналған статус түрлері бейнеленген болыс та, би де қазақ танымында ерлер, яғни барлық маңызды шешімдер, қоғамдық мәселелер ерлердің қолына шоғырланған.

Оныншы Қара сөзінде Абай жігіттерге үндеу тастайды. Ол арқылы автор қазақ жігіттеріне тура жолмен жүруді ұсынады. Әртүрлі қиын жағдайларға қарамастан олардың бір біріне қаскүнемдік ойламай, өзара қиын жағдайларға қалдырмауын өтінеді.

Қазақ та адам баласы зой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманишылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі - пәлеге, жаманишылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі «айда, батырлап!» қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері[10].

Қара сөздерде, қаратпа және қыстырма сөздер де көптеп қолданылады. Ойды саралап көрсету мақсатында Абай көптеп, біріншіден, екіншіден, үшіншіден секілді қыстырма сөздерді көптеп қолданады. Осы орайда ер кісілердің сөйлеу мәнерінде логикалық тұрғыдан реттіліктің бар екендігін айтқымыз келеді. Ал Абай Құнанбаев ең алдымен ер кісі болғандықтан да оның жазу мәнерінде осы реттілікті көруге болады. Сонымен қатар еңбекте

қарастырылған негізгі тақырыптардың да ерлерге қатысты екенін анықтадық. Олар ел басқару мәселесі, саясат және жұмыс бөлінісі сынды тақырыптардан тұрады. Сол кезеңде ерлердің билігі жоғары болғанын ескерсек шығармада сол заманда өмір сүрген халықтың бейнесін тануға әбден болады деп ойлаймыз. Сол заманда өмір сүрген ерлердің көбі атқарушылық билікте болған және бұл шығарманың да ерлерге арналып жазылған нұсқаулық ретінде санауға болады деген ойдамыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Адам әлемді тіл арқылы таниды, оның жан-жағында болып жатқан құбылыстарды, адам бірінші бақылап көреді, түсінуге тырысады және кейін саралайды. Абай өз заманында өмір сүрген қазақтарға арнап осы «Қара сөздер» еңбегін жазады. Бұл еңбекте ол сол қоғамда болып жатқан әр түрлі жағдаяттарға өз көзқарасын білдірген. Бірақ біз бұл еңбекті барлық адамдарға ортақ құнды деп айтқанымен оның ерлерге арналып жазылғандығын анықтадық. Себебі еңбекте ерлерге арналған сын-пікірлер, қағидаттар, өмір сүру ережелері берілген. Ғалым Сандра Бемнің андроцентризм терминіне берген анықтамасы да осы еңбектің ерлерге қатысты жазылғандығын тағы бір дәлелдейді. Оның айтуынша андроцентризм дегеніміз ерлерді қоғамның орталығы деп қарастыру ерлердің ойлары мен эмоцияларын негізгі етіп қабылдау дегенді білдіреді[11]. Еңбекте қарастырылған негізгі мәселелер де көптеп ерлерге арналған. Сол кезеңде сот жүйесі, билік және саясаттың ерлердің қолында шоғырланғанын ескерсек Абай Құнанбайұлы өмір сүрген заманды патриархалды қоғам деп сипаттай аламыз. Сондықтан да еңбекте андроцентризмнің белгілері анық көрсетілген деп айтуға болады. Ол уақытта әйелдер тек үй шаруасында болып және қоғамдық жұмыстарға белсене қатыспаған. Алайда Абай өз еңбегінде нақты әйелдер мен еркектерді айырып көрсеткен жоқ, жалпы адам баласы қандай болу керек, қандай қасиеттерге ие болып нені дамыту керек деген мәселелерді көтереді. Осы еңбекті саралай келе жалпы негізгі көтерілген мәселелер ерлерге қатысты айтылғандығын анықтай аламыз.

Қорытындылай келе, Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінде» андроцентризм белгілері бар екендігін және бұл шығарманың ерлерге арналған нұсқаулық ретінде жазылған деген тұжырымға келдік.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Coates J. Women, men and language: a sociolinguistic account of gender differences in language / J. Coates. – 3rd ed. – London: Routledge, 2004. – 224 p.
- 2 Irigaray L. Cultural Critique. The Construction of Gender and Modes of Social Division / L. Irigaray, E. G. Carlston // Cultural Critique. – 1989. – No. 13 (Autumn). – P. 191-202. – University of Minnesota Press.
- 3 Beauvoir S. de. The Second Sex / S. de Beauvoir; transl. by C. Borde S. Malovany-Chevallier. – New York: Vintage Books, 2010. – 800 p. – Original work published 1949.
- 4 Bailey A.H. Implicit androcentrism: Men are human, women are gendered / A. H. Bailey, M. LaFrance, F. Dovidio // Journal of Experimental Social Psychology. – 2020. – Vol. 89.
- 5 Шокым Г. Основы гендерной лингвистики: учебник / Г. Шокым; Министерство образования и науки Республики Казахстан. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 с.
- 6 Lakoff R. Language and Woman's Place / R. Lakoff. – New York: Harper & Row, 1975. – 214 p.
- 7 Кирилина А.В. Гендер: лингвистические аспекты / А. В. Кирилина. – М.: Институт социологии РАН, 1999. – 180 с.
- 8 Jespersen O. Language: its nature, development and origin / O. Jespersen. – London: Allen & Unwin, 1975. – 280 p.
- 9 Кунанбаев А. Слова назидания / А. Кунанбаев. – Нур-Султан: Фолиант, 2021. – 120 с.

10 Bem, S. L. The Lenses of Gender: Transforming the Debate on Sexual Inequality / S. L. Bem. – New Haven: Yale University Press, 1993. – 244 p.

Материал 20.05.2025 баспаға түсті

Андроцентризм в «Словах назидания» Абая Кунанбаева

Р.А. Тореханова¹, У.Г. Анесова¹, А.Ж. Байели¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, 050040, Казахстан

Абай Кунанбаев великий поэт, философ. Его «Слова назидания» – это книга мудрости, написанная для казахов, живших в тот период, и не утратившая своей актуальности и сегодня. Но мы пришли к выводу, что этот труд был написан не для всех людей, а для казахских мужчин. Нами была проведена исследовательская работа с целью определения правильности или неточности данного утверждения. Основной целью статьи является изучение признаков андроцентризма в «Словах назидания» Абая Кунанбаева.

В целях проведения данного исследования был проведен метод качественного анализа всех «Слов назидания» в отдельности. В результате было обнаружено, что в двадцати одном из сорока пяти слов назидания содержало критику, информацию, относящуюся к мужчинам, понятия, имена и концепции, относящиеся к мужчинам. В других разделах труда также уточняется, что, хотя и не прямо, но косвенно, существует информация, относящаяся к мужчинам

В результате было установлено, что «Слова назидания» Абая Кунанбаева, изданные в начале XX века, имеют признаки андроцентризма. Исследовательская работа является актуальна и важна для исследователей в области гендерной лингвистики.

Ключевые слова: андроцентризм, гендерная лингвистика, ненормативная лексика, гендер, качественное исследование.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Coates J. Women, men and language: a sociolinguistic account of gender differences in language / J. Coates. – 3rd ed. – London: Routledge, 2004. – 224 p.
- 2 Irigaray L. Cultural Critique. The Construction of Gender and Modes of Social Division / L. Irigaray, E. G. Carlston // Cultural Critique. – 1989. – No. 13 (Autumn). – P. 191-202. – University of Minnesota Press.
- 3 Beauvoir S. de. The Second Sex / S. de Beauvoir; transl. by C. Borde S. Malovany-Chevallier. – New York: Vintage Books, 2010. – 800 p. – Original work published 1949.
- 4 Bailey A. H. Implicit androcentrism: Men are human, women are gendered / A. H. Bailey, M. LaFrance, F. Dovidio // Journal of Experimental Social Psychology. – 2020. – Vol. 89.
- 5 Шокым Г. Основы гендерной лингвистики: учебник / Г. Шокым; Министерство образования и науки Республики Казахстан. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 с.
- 6 Lakoff R. Language and Woman's Place / R. Lakoff. – New York: Harper & Row, 1975. – 214 p.
- 7 Кирилина А. В. Гендер: лингвистические аспекты / А.В. Кирилина. – М.: Институт социологии РАН, 1999. – 180 с.
- 8 Jespersen O. Language: its nature, development and origin / O. Jespersen. – London: Allen & Unwin, 1975. – 280 p.
- 9 Кунанбаев А. Слова назидания / А. Кунанбаев. – Нур-Султан: Фолиант, 2021. – 120 с.
- 10 Bem S. L. The Lenses of Gender: Transforming the Debate on Sexual Inequality / S. L. Bem. – New Haven: Yale University Press, 1993. – 244 p.

Материал поступил в редакцию журнала 20.05.2025

Androcentrism in Abai Kunanbayuly's «The book of words»

R. Torekhanova¹, U. Anesova¹, A. Baieli¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050040, Kazakhstan

Abai Kunanbayuly is recognized as a great poet and philosopher whose seminal work, The Book of Words, remains relevant today as a source of wisdom for the Kazakh people. While traditionally viewed as a universal guide, this study explores the hypothesis that The Book of Words was primarily addressed to Kazakh men. The central aim of the article is to examine the presence of androcentric features in Abai Kunanbayuly's work.

To investigate this, a qualitative analysis was conducted on the entire text of The Book of Words. The findings indicate that twenty-one out of the forty-five didactic essays contain explicit references to men, including male-specific criticism, themes, and terminology. Additionally, indirect references throughout other sections further reinforce the notion that the intended audience was predominantly male.

The study concludes that The Book of Words, published in the early 20th century, reflects signs of androcentrism. These findings contribute to the field of gender linguistics by offering a critical lens through which to view a culturally and historically significant literary work. The research highlights the importance of re-evaluating canonical texts to understand the implicit gender orientations embedded within them.

Key words: androcentrism, gender linguistics, profanity, gender, qualitative research.

REFERENCES

- 1 Bailey, A. H., LaFrance, M., & Dovidio, F. (2020). Implicit androcentrism: Men are human, women are gendered. *Journal of Experimental Social Psychology*, 89.
- 2 Beauvoir, S. de. (2010). *The second sex* (C. Borde & S. Malovany-Chevallier, Trans.). New York: Vintage Books. (Original work published 1949)
- 3 Bem, S. L. (1993). *The lenses of gender: Transforming the debate on sexual inequality*. New Haven: Yale University Press.
- 4 Coates, J. (2004). *Women, men and language: A sociolinguistic account of gender differences in language* (3rd ed.). London: Routledge.
- 5 Irigaray, L., & Carlston, E. G. (1989). The construction of gender and modes of social division. *Cultural Critique*, 13(Autumn).
- 6 Jespersen, O. (1975). *Language: Its nature, development and origin*. London: Allen & Unwin.
- 7 Kirilina, A. V. (1999). *Gender: lingvisticheskie aspekty* [Gender: linguistic aspects]. M.: Institute of Sociology of the RAS.
- 8 Kunanbaev, A. (2021). *Slova nazidaniya* [The book of Words]. Nur-Sultan: Foliant publishing house.
- 9 Lakoff, R. (1975). *Language and woman's place*. New York: Harper & Row.
- 10 Shokym, G. (2012). *Osnovy gendernoj lingvistiki: uchebnik* [Fundamentals of gender linguistics: the textbook] Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan. Almaty: Economics.

Received: 20.05.2025